

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі, 09.06.2021 ж. жарияланған
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 386 қаулысы.

Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы [30-бабының](#) 4-тармағына, [33-бабының](#) 2-тармағына, [33-2-бабының](#) 3-тармағына, "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы [4-бабының](#) 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу [қағидалары](#) бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 [қаулысында](#):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің [Регламентінде](#):
[89-тармақтың](#) үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Парламенттің қарауына Үкімет енгізетін халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заң жобаларына "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілген халықаралық шарттарға ғылыми сараптама нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды қоса беріледі."

3. Осы қаулыға [2-қосымшаға](#) сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 8 маусымдағы
№ 386 қаулысына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 8 маусымдағы
№ 386 қаулысымен
бекітілген

Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – "Құқықтық актілер туралы" заң) 30-бабының 4-тармағына, [33-бабының](#) 2-тармағына, [33-2-бабының](#) 3-тармағына, "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" заң) [4-бабына](#) сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді қоспағанда, нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттардың жобаларына, сондай-ақ ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың жобаларына (бұдан әрі – халықаралық шарт немесе халықаралық шарттың жобасы) ғылыми сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ғылыми сараптама қорытындысы – жүргізілген ғылыми сараптаманың нәтижелерін көрсететін, заңнаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ресімделген құжат;

2) сараптама комиссиясы – ғылыми сараптама жүргізу мақсатында құрылған құрамында кемінде екі сарапшы бар топ.

3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама "Құқықтық актілер туралы" Заңның [30-бабы](#) 2-тармағында, [33-бабының](#) 1-тармағында көрсетілген мақсаттарда жүргізіледі.

Халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының ғылыми сараптамасы "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Заңның [4-бабының](#) 3-тармағында көрсетілген мақсаттарда жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – Үкімет) заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленген және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің (бұдан әрі – Парламент Мәжілісі) қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ғылыми құқықтық, ғылыми лингвистикалық, ғылыми экономикалық және басқа да сараптамалар жүргізіледі.

Ғылыми сараптама жүргізбеуге болатын Қазақстан Республикасы Президентінің (бұдан әрі – Президент) заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленген заңнамалық актілердің жобалары енгізілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламентінің (бұдан әрі – Парламент) қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша олар реттейтін қоғамдық қатынастарға қарай ғылыми сараптама жүргізу міндетті.

Халықаралық шарт немесе халықаралық шарттың жобасы бойынша ғылыми сараптама (құқықтық, лингвистикалық және басқа да) құқықтық қатынастарға қарай жүргізіледі.

5. Ғылыми сараптама жүргізуді ұйымдастыру:

заң жобаларының, халықаралық шарттардың немесе халықаралық шарттар жобаларының ғылыми құқықтық және ғылыми лингвистикалық сараптамалары бойынша – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне (бұдан әрі – Әділет министрлігі);

заң жобаларының ғылыми экономикалық сараптамасы бойынша – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне (бұдан әрі – Ұлттық экономика министрлігі) жүктеледі.

6. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының ғылыми сараптамасын қаралатын жобаның мазмұнына қарай ғылыми мекемелер, уәкілетті ұйым, ғалымдар мен мамандар қатарынан тартылатын сарапшылар жүргізеді. Сараптама жүргізу бір немесе бірнеше сарапшыға (сараптама комиссиясына) тапсырылуы мүмкін.

Ғылыми ұйымдар, сарапшылар ретінде басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан мамандар тартылуы мүмкін. Нормативтік құқықтық актінің жобасы ғылыми сараптама үшін шетелдік және халықаралық ұйымдарға жіберілуі мүмкін.

7. Уәкілетті ұйым ғылыми құқықтық сараптаманы "Құқықтық актілер туралы" Заңның [33-2-бабы](#), "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Заңның [4-бабының](#) 2-2-тармағы негізінде ғылыми құқықтық сараптаманы жүзеге асыруды үйлестіру және сарапшылардың ғылыми құқықтық сараптаманы жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау жөніндегі қызмет арқылы қамтамасыз етеді.

8. Ғылыми құқықтық сараптама жүргізу талаптары қолданыстағы заңнамада, осы Қағидаларда, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің нормативтік құқықтық бұйрықтарында, сондай-ақ ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге арналған шартта айқындалады.

9. Ғылыми ұйым, уәкілетті ұйым, сарапшылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес:

1) ғылыми сараптама жүргізуге, оның ішінде ғылыми сараптама жұмысын жүргізу барысында туындайтын мәселелер бойынша да барлық қажетті ақпаратты, материалдарды алады;

2) уәкілетті органмен келісу бойынша олардың алдына қойылған мәселелер бойынша ғана емес, сондай-ақ өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларынан туындайтын өзге де мәселелер бойынша қорытындылар береді;

3) әзірлеушілердің (әзірлеуші органдардың) статистикалық деректерін пайдалана алады (егер статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және әзірлеушінің статистикалық деректері сәйкес келмеген жағдайда, бұл сараптамалық қорытындыда көрсетілуге тиіс);

4) егер шартта өзгеше көзделмесе, ғылыми сараптаманы жүзеге асыру кезінде оны орындауға үшінші тұлғаларды тартуы мүмкін;

5) нормативтік құқықтық актілердің жобаларынан туындайтын, сондай-ақ олардың алдына уәкілетті орган қойған мәселелер бойынша дәлелді, ғылыми негізделген, объективті және толық қорытынды береді;

6) ғылыми сараптама жүргізу барысында өз кінәсінен жіберілген кемшіліктерді өз күшімен, өз есебінен және уәкілетті орган белгілеген мерзімде жояды;

7) ғылыми сараптама жүргізу нысанасына, оның орындалу барысына және ғылыми нәтижелеріне қатысты мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді;

8) орындаған жұмысы үшін сыйақы алады;

9) шартта белгіленген өзге де міндеттерді атқарады.

10. Нормативтік құқықтық актілердің жобалары, халықаралық шарттар немесе халықаралық шарттардың жобалары бойынша дербес, комиссиялық, кешенді ғылыми сараптамалар, ал қажет болған кезде қайталама ғылыми сараптамалар жүргізілуі мүмкін.

Бұл ретте заң жобалары бойынша қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама осы Қағидалардың 75-тармағында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

11. Әрқилы түрдегі дербес ғылыми сараптама нормативтік құқықтық актінің жобасын, халықаралық шартты немесе халықаралық шарт жобасын бір білім саласы негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда жүргізіледі.

12. Комиссиялық ғылыми сараптаманы бір мамандықтың сараптамалық тобы жүргізеді.

13. Кешенді ғылыми сараптама нормативтік құқықтық актінің жобасын, халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың жобасын білімнің әртүрлі салалары негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда жүргізіледі.

14. Қайталама ғылыми сараптама бастапқы ғылыми сараптама нәтижелері бойынша ғылыми сараптама қорытындысы негізді болмаған жағдайларда жүргізіледі.

15. Заң жобасына ғылыми сараптама жүргізу туралы шешімді:

1) Президент немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің (бұдан әрі – Президент Әкімшілігі) Басшысы, заң шығару бастамасы тәртібімен жобаны Парламент Мәжілісіне енгізетін Парламент депутаттары және Үкімет;

2) уәкілетті орган;

3) егер әзірлеуші органның регламентінде немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерде осы тұлғаларға және құрылымдық бөлімшелерге осындай құқық берілген болса, әзірлеуші орган қабылдай алады.

Халықаралық шарт бойынша немесе халықаралық шарт жобасы бойынша ғылыми сараптама жүргізу туралы шешім:

1) Президенттің, Президент Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің (бұдан әрі – Премьер-Министр), Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының тапсырмасы негізінде;

2) Парламент депутаттарының бастамасы бойынша;

3) халықаралық шарт жасасу туралы ұсыныс беретін орталық мемлекеттік органның бастамасы бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасын келісуді жүзеге асыратын басқа да орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары бойынша қабылдануы мүмкін.

16. Заң жобаларын ғылыми сараптамаға жіберуді оның әзірлеушісі жүзеге асырады.

Бұл ретте Парламент депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленетін заң жобалары олардың шешімімен ғылыми сараптамаға жіберіледі.

Халықаралық шартты немесе халықаралық шарт жобасын ғылыми сараптама жүргізуге жіберу әзірлеуші органға жүктеледі.

17. Әзірлеуші (әзірлеуші орган) ғылыми сараптама жүргізу үшін ұсынылған нормативтік құқықтық акт жобасы, халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы мәтінінің нормативтік құқықтық актінің, халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының мәтініне сәйкестігін оны әзірлеу мен келісудің әрбір сатысында қамтамасыз етеді.

18. Ғылыми сараптама қорытындысы ғылыми сараптаманың мәні бойынша ғылыми негізделген, толық, объективті және дәлелді тұжырымдарды қамтуға тиіс.

19. Егер ғылыми сараптама қорытындысының тұжырымдарына қатысты әзірлеушіде (әзірлеуші органда) немесе ғылыми сараптама жүргізуге бастама жасаған тұлғаларда сұрақтар туындаған жағдайда, олар тиісті түсіндірмелер алу үшін сарапшыға, ғылыми ұйымға, уәкілетті ұйымға жүгіне алады.

20. Ғылыми сараптама жүргізу үшін бірнеше заң жобасы, халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы ұсынылған жағдайда, уәкілетті ұйым, ғылыми ұйым немесе сарапшы әрбір заң жобасы, халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы бойынша ғылыми сараптама жүргізеді және қорытынды жасайды.

21. Ғылыми сараптама қорытындысы сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және оның біліктілігі көрсетіле отырып, ғылыми сараптама жүргізген ұйымның ресми бланкісінде дайындалады.

22. Ғылыми сараптама қорытындысына ғылыми ұйымның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам және ғылыми сараптама жүргізген сарапшылар қол қояды, ал ғылыми лингвистикалық сараптама бойынша – уәкілетті ұйымның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам және ғылыми сараптама жүргізген сарапшылар қол қояды.

23. Ғылыми сараптама қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

24. Ғылыми сараптама қорытындысында заң жобасына ескертулер және/немесе ұсыныстар болған кезде әзірлеуші ғылыми сараптама қорытындысының ескертулерімен және/немесе ұсыныстарымен келіскен жағдайда, заң жобасын пысықтау туралы шешім қабылдайды.

Заң жобасы және ол бойынша ғылыми сараптама қорытындысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізілген кезде әзірлеуші ғылыми сараптама қорытындысын алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде заң жобасы бойынша ұсынымдарды қабылдамау себептерінің дәлелді негіздемелерін ұсынады. Әзірлеуші тиісті негіздемелердің көшірмесін ғылыми ұйымға немесе сарапшыға не уәкілетті ұйымға бір мезгілде ұсынады.

Егер ғылыми сараптама қорытындысында әзірлеушінің (әзірлеуші органның) құзыретіне жатпайтын ескертулер және/немесе ұсыныстар болған жағдайда, әзірлеуші (әзірлеуші орган) оларды заң жобасымен, халықаралық шартпен немесе халықаралық шарт жобасымен бір мезгілде ғылыми сараптама қорытындысында қозғалатын мәселелерді қарау құзыретіне кіретін мемлекеттік органдарға пысықтау және тиісті ұстанымды қалыптастыру үшін жібереді.

Халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың жобасын ратификациялау/ қол қою туралы құқықтық акт және ол бойынша ғылыми сараптама қорытындысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің не Әділет министрлігінің қарауына енгізілген кезде әзірлеуші орган халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы бойынша сараптама қорытындысында қамтылған ұсынымдарды қабылдамау себептерінің дәлелді негіздемелерін ұсынуға тиіс. Әзірлеуші орган тиісті дәлелдердің көшірмесін бір мезгілде уәкілетті ұйымға береді.

25. Заң жобасына, халықаралық шартқа немесе халықаралық шарт жобасына ғылыми сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ғылыми ұйымға немесе сарапшыға, ал ғылыми лингвистикалық сараптама бойынша – уәкілетті ұйымға ұсынылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде жүргізіледі. Ғылыми экономикалық сараптама заң жобасы ғылыми ұйымға немесе сарапшыға ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 25 (жиырма бес) күн ішінде жүргізіледі.

Қарыз алу туралы халықаралық шартқа немесе халықаралық шарт жобасына ғылыми сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Ғылыми сараптама жүргізу мерзімі аяқталғаннан кейін әзірлеушіге (әзірлеуші органға) осы Қағидаларға сәйкес дайындалған ғылыми сараптама қорытындысы жіберіледі.

26. Қажет болған кезде ғылыми сараптама жүргізу мерзімі Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет басшылығының, оны жүргізу қажеттігі туралы тапсырмасы болған жағдайларды қоспағанда, әзірлеушінің (әзірлеуші органның), Әділет министрлігінің, Ұлттық экономика министрлігінің келісімімен, ал ғылыми құқықтық сараптама бойынша – осы Қағидалардың 44, 65-тармақтарында айқындалған тәртіппен ұзартылуы мүмкін.

27. Халықаралық шарттарға немесе халықаралық шарттардың жобаларына (ғылыми құқықтық және ғылыми лингвистикалық сараптаманы қоспағанда) ғылыми сараптамалардың өзге түрлерін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Заң жобаларына ғылыми құқықтық сараптама жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу тәртібі

28. "Құқықтық актілер туралы" Заңның 17-бабының талаптарына сәйкес Парламент депутаттары, Президент Әкімшілігі, Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар және азаматтар олармен келісу бойынша заң жобаларын әзірлеушілер болып табылады.

29. Заң жобалары бойынша ғылыми құқықтық сараптаманы жүзеге асыратын сарапшылар екі топқа бөлінеді.

Бірінші топтың сарапшысына қойылатын талаптар:

1) "Құқық" мамандықтар тобы бойынша жоғары заңгерлік білім, ғылыми дәрежесі не философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі;

2) заңгер мамандығы бойынша кемінде бес жыл жалпы жұмыс өтілі.

Екінші топтың сарапшысына қойылатын талаптар:

1) "Құқық" мамандықтар тобы бойынша жоғары заңгерлік білім/академиялық дәрежесі;

2) заңгер мамандығы бойынша кемінде он жыл жалпы жұмыс өтілі.

Бірінші және екінші топтардың сарапшылары заңнамаға сәйкес құқықтар мен міндеттерге ие болады және тең құқықтық негізде ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге тартылады.

30. Заң жобаларына ғылыми құқықтық сараптаманы ғылыми құқықтық сарапшылар тізілімінде (бұдан әрі – сарапшылар тізілімі) тұрған сарапшы немесе сараптама комиссиясы жүргізеді.

31. Сарапшыға қойылатын талаптар және сарапшылар тізіліміне енгізу тәртібі туралы ақпарат уәкілетті ұйымның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

32. Сарапшы болуға кандидатты (бұдан әрі – кандидат)/сарапшыны сарапшылар тізіліміне енгізу/енгізуден бас тарту/ алып тастау туралы шешімді Комиссия қорытындысы негізінде уәкілетті ұйым қабылдайды.

Комиссия құрамы уәкілетті ұйымның бұйрығымен бекітіледі. Комиссияның қызметі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілетін комиссия туралы ережеде айқындалады.

Комиссия кандидаттардың құжаттарын кандидаттың сарапшыға қойылатын талаптарға сәйкестігі/сәйкес еместігі, шартты бұзу негіздерінің болуы/болмауы тұрғысынан қарайды.

Сарапшының қызметін тоқтата тұру туралы шешімді уәкілетті ұйым қабылдайды.

Комиссияның қорытындысы негізінде сарапшымен ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге арналған шарт жасалады/бұзылады.

33. Сарапшылар тізіліміне енгізу үшін кандидат Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен айқындалатын тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

34. Осы Қағидалардың 29, 56-тармақтарында сарапшыға қойылатын талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттар тізбесін толық ұсынбау кандидатты сарапшылар тізіліміне енгізуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

35. Сарапшылар тізілімін жүргізу және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен айқындалады.

36. Заң жобаларына ғылыми құқықтық сараптама заң жобасын әзірлеудің мынадай сатыларында:

1) заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне енгізілгенге дейін сараптама қорытындыларын алу үшін қоғамдық кеңестерге, сараптама кеңестеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына бір мезгілде жіберілген кезде;

2) заң жобасын Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің (бұдан әрі – Премьер-Министр Кеңесі) ескертулері бойынша пысықтау нәтижесінде оған тұжырымдамалық өзгерістер енгізілген жағдайда жүргізіледі.

Көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастама жасаған заң жобаларына қолданылмайды.

37. Заң жобалары бойынша ғылыми құқықтық сараптама жүргізу үшін әзірлеуші қазақ және орыс тілдеріндегі заң жобасын және оған қоса берілетін материалдарды (қағаз және электрондық жеткізгіштерде):

1) әзірлеушінің бірінші басшының орынбасары не оны алмастыратын адам қол қойған ресми бланкідегі ілеспе хатты (қазақ тілінде);

2) заң жобасына түсіндірме жазбаны (қазақ және орыс тілдерінде);

3) қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесі бар заң жобасына салыстырма кестені (қазақ және орыс тілдерінде);

4) реттеушілік саясаттың консультативтік құжатын (қазақ және орыс тілдерінде);

5) Президенттің, Парламент депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен заң жобаларын әзірлеу жағдайларын қоспағанда, Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия мақұлдаған заң жобасының тұжырымдамасын (қазақ және орыс тілдерінде);

- 6) зерттелетін проблема бойынша статистикалық деректерді (болған кезде);
- 7) қарауға ұсынылатын заң жобасын іске асыру үшін қабылданатын заңға тәуелді актілердің жобаларын (болған кезде) (қазақ және орыс тілдерінде);
- 8) ғылыми құқықтық сараптама жүргізу үшін толық және анық деректерді ұсыну мақсатында өзге де материалдарды ұсынады.
38. Уәкілетті ұйым осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес әзірлеуші ұсынған заң жобасының және оған қоса берілетін материалдардың толықтығын тексереді.
39. Әзірлеуші осы Қағидалардың 37-тармағында көзделген ғылыми құқықтық сараптама материалдарының тізбесін толық ұсынбаған жағдайда, уәкілетті ұйым 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды қарамай қайтарады және әзірлеушіні хабардар етеді.
40. Әзірлеуші уәкілетті ұйымның хабарламасында көрсетілген себептерді жойғаннан кейін заң жобасын және оған қоса берілетін материалдарды ғылыми құқықтық сараптама жүргізу үшін қайта ұсынады.
41. Уәкілетті ұйымның сұрау салуы бойынша әзірлеуші 2 (екі) жұмыс күні ішінде заң жобасында қозғалған мәселелерге қатысты өзге де материалдарды ұсынады.
42. Сарапшының немесе уәкілетті ұйымның сараптама тобының соңғы мүшесінің заң жобасын және оған қоса берілетін материалдарды қарауға қабылдағаны туралы хабарлама алған кезі ғылыми құқықтық сараптама жүргізудің басталуы болып есептеледі. Сарапшының ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге қатысуын болғызбайтын мән-жайлар болған кезде сарапшыға ғылыми құқықтық сараптама жүргізу үшін материалдар жіберілген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сарапшы уәкілетті ұйымды ғылыми құқықтық сараптама жүргізуден бас тартатыны және себептері туралы хабардар етеді.
43. Сарапшы заң жобасын қарауға қабылдау/қабылдау мүмкін еместігі туралы, ғылыми құқықтық сараптама жүргізуден бас тарту туралы уақтылы хабарламаған/хабарламаған жағдайда, уәкілетті ұйым заң жобасын және оған қоса берілетін материалдарды басқа сарапшыға жібереді.
44. Қажет болған жағдайда ғылыми құқықтық сараптама жүргізу үшін белгіленген мерзім әзірлеушімен келісу бойынша 5 (бес) жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін, уәкілетті ұйым, Әділет министрлігі дереу хабардар етіледі.
45. Сарапшы, сараптама комиссиясы осы Қағидаларға сәйкес қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми құқықтық сараптаманың қорытындысын 10 (он) жұмыс күні ішінде береді. Ғылыми құқықтық сараптама қорытындысының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын сарапшы қамтамасыз етеді.
- Сарапшылардың бірі бірыңғай қорытындыда жазылған тұжырымдармен келіспеген жағдайда, ол ерекше пікірін баяндай алады және оны бірыңғай қорытындыға қоса бере алады.
46. Уәкілетті ұйым 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 49-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес сарапшының немесе сараптама комиссиясының қорытындысын тексеруді жүргізіп, кейіннен оны әзірлеушіге жібереді.
47. Заң жобасына қайталама ғылыми құқықтық сараптама осы Қағидалардың 42-тармағында айқындалатын заң жобасына ғылыми құқықтық сараптама жүргізу басталған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

48. Ғылыми құқықтық сараптаманың қорытындысында жазылған ескертулерді және/немесе ұсыныстарды әзірлеушімен келіскеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйым Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілетін ғылыми құқықтық сараптаманың құнын бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыны бағалауды жүргізеді.

49. Заң жобасының ғылыми құқықтық сараптамасының қорытындысында:

1) сарапшының, сараптама комиссиясы мүшелерінің тегін, атын, әкесінің атын (болған кезде), ғылыми дәрежесін (болған кезде), ғылыми атағын (болған кезде), әзірлеушінің атауын, уәкілетті ұйымның атауын, ғылыми құқықтық сараптаманың нысанасы мен мақсаттарын, заң жобасының атауын, оның межелі мақсатын, заң жобасының ғылыми құқықтық сараптама жүргізілген ғылым саласын және заң жобасының құрылымын, сондай-ақ оған қоса берілетін материалдарды қамтитын жалпы ережелер;

2) заң жобасы шешуге бағытталған проблемалық мәселелердің сипаттамасы, оның ішінде заң жобасын қабылдаудың ғылыми негізділігі мен уақтылығын бағалау;

3) заңның қабылдануы шешілуіне бағытталған проблемалық мәселелерді шешудің, оның ішінде әртүрлі тарихи кезеңдерде, шетелдік практикада қолданылған барлық белгілі және тиімді тәсілдерін, тетіктерін, тәсілдерін сипаттау, сондай-ақ құқықтық қатынастардың сабақтас салаларын және оларға заңды қабылдаудың салдары түрінде ықпал етуді сипаттау;

4) қойылған проблемалық мәселелерді шешудің заң жобасында ұсынылатын әдістерін, тетіктерін, тәсілдерін, проблемалық жағдайларды шешудің қандай да бір тәсілдерін қабылдаудың ықтимал салдарын талдау:

заң жобасының Қазақстан Республикасының Конституциясына (бұдан әрі – Конституция), жоғары деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкестігін тексеру;

заң жобасын қабылдаудың құқықтық, әлеуметтік, экономикалық және өзге де салдарын, оның ішінде әлеуметтік шиеленістің ықтимал тәуекелдері бөлігінде бағалау;

заң жобасын қабылдауға байланысты қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болуын айқындау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алуға оның әсерін бағалау;

заң жобасын қабылдауға байланысты гендерлік теңдік құқығына нұқсан келтіруге ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болуын айқындау;

заң жобасы қабылданған жағдайда нақтылауға жататын нормативтік құқықтық актілердің тізбесін айқындау;

заңнамалық базаны жақсарту бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу;

тиісті құқық саласының қағидаттарына ықтимал қайшылықтарды анықтау;

заң жобасында қамтамасыз етілетін анық немесе жасырын ведомстволық немесе топтық мүддені анықтау;

заң жобасынан туындайтын өзге де сұрақтарға жауап алу қамтылуға тиіс.

50. Ғылыми құқықтық сараптаманың қорытындысы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілетін нысан бойынша дайындалады, ресми бланкіде ресімделеді және оған уәкілетті ұйымның басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қояды. Қорытындыға уәкілетті ұйым басшысының немесе оны алмастыратын адамның

қойған қолы, шығыс нөмірі мен күні уәкілетті ұйымның қорытындыны жібергенін растайды.

51. Заң жобасының ғылыми құқықтық сараптамасының қорытындысы ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жарияланады.

Заң жобасының ғылыми құқықтық сараптамасының қорытындысын жариялау оны әзірлеушіге жіберумен бір мезгілде жүргізіледі. "Қызмет бабында пайдалану үшін", "Баспасөзде жарияланбайды", "Баспасөзге арналмаған" деген белгілері бар материалдарды жариялау жүргізілмейді.

52. Ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге арналған шарттан туындайтын даулар, уәкілетті ұйымның әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасау міндетті түрде сотқа дейінгі реттеуге жатады.

Уәкілетті ұйым жанында өтініш берушілердің қарсылықтарын сотқа дейін қарау жөніндегі Наразылықты қарау кеңесі құрылады.

Наразылықты қарау кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, осы Қағидаларды және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілетін Наразылықты қарау кеңесі туралы ережені басшылыққа алады.

3. Халықаралық шарттарға немесе халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми құқықтық сараптама жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу тәртібі

53. Міндетті ғылыми құқықтық сараптама ратификациялауға жататын:

1) Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша – оларды ратификациялау немесе оларға ратификациялау жолымен қосылу туралы шешім қабылданғанға дейін;

2) халықаралық шарттардың жобалары бойынша – оларға қол қойылғанға дейін жүргізіледі.

54. Халықаралық шарттарды жасасу туралы ұсыныс беретін орталық мемлекеттік орган халықаралық шарттарды әзірлеуші орган болып табылады.

Әзірлеуші органдар ғылыми құқықтық сараптамаға халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың жобасын жібереді.

55. Халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми құқықтық сараптама Әділет министрлігі заңдық сараптама жүргізгеннен кейін жүзеге асырылады.

56. Халықаралық шарттардың немесе халықаралық шарттар жобаларының ғылыми құқықтық сараптамасын сарапшылар тізілімінде тұрған сарапшы немесе сараптама комиссиясы жүргізеді.

Оның құрамына мынадай:

1) жоғары заңгерлік білімінің;

2) ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD), "Халықаралық құқық" мамандығы бойынша /"Құқық" мамандықтар тобы бойынша ("Халықаралық құқық" мамандығы басым болып табылады) бейіні бойынша доктор дәрежесінің;

3) заңгер мамандығы бойынша кемінде үш жыл жалпы өтілінің болуы талаптарына сәйкес келуге тиіс сарапшылар кіреді.

Ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге:

1) "Халықаралық құқық" мамандығы бойынша/ "Құқық" мамандықтар тобы бойынша ("Халықаралық құқық" мамандығы басым болып табылады) жоғары заңгерлік білімі және магистр академиялық дәрежесі және заңгер мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі бар; немесе

2) "Халықаралық құқық" мамандығы бойынша/ "Құқық" мамандықтар тобы бойынша ("Халықаралық құқық" мамандығы басым болып табылады) жоғары заңгерлік білімі/бакалавр академиялық дәрежесі және заңгер мамандығы бойынша кемінде он жыл жұмыс тәжірибесі бар сарапшы да тартылады.

57. Сарапшыға қойылатын талаптар және Сарапшылар тізіліміне енгізу тәртібі туралы ақпарат уәкілетті ұйымның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

58. Кандидатты сарапшылар тізіліміне енгізу/енгізуден бас тарту не сарапшыны Сарапшылар тізілімінен шығару тәртібі осы Қағидалардың 32-34-тармақтарымен реттеледі.

59. Уәкілетті ұйым әзірлеуші орган ұсынған халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының және оған қоса берілетін материалдардың толықтығын осы Қағидалардың 70-тармағына сәйкес тексереді.

60. Әзірлеуші орган ғылыми құқықтық сараптама материалдарының толық тізбесін ұсынбаған жағдайда, уәкілетті ұйым 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды қарамай қайтарады және әзірлеуші органды хабардар етеді.

Әзірлеуші орган уәкілетті ұйымның хабарламасында көрсетілген себептерді жойғаннан кейін халықаралық шартты немесе халықаралық шарт жобасын және оған қоса берілетін материалдарды ғылыми құқықтық сараптама жүргізу үшін қайта ұсынуға құқылы.

61. Уәкілетті ұйымның сұрау салуы бойынша әзірлеуші орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде халықаралық шартта немесе халықаралық шарттың жобасында қозғалған мәселелерге қатысты өзге де материалдарды ұсынады.

62. Халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы және оған қоса берілетін материалдар қабылданған жағдайда, уәкілетті ұйым ғылыми құқықтық сараптаманы жүргізу үшін қажетті сарапшылар санын айқындайды, оларға электрондық түрде халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы, сондай-ақ қоса берілетін материалдар жіберіледі.

Сарапшы халықаралық шартты немесе халықаралық шарт жобасын және оған қоса берілетін материалдарды зерделеуге және ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге сарапшының қатысуын болғызбайтын мән-жайлар болмаған жағдайда, оларды қарауға қабылдауға міндетті.

63. Сарапшының ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге қатысуын болғызбайтын мән-жайлар болған кезде, сарапшы өзіне ғылыми құқықтық сараптама жүргізу үшін материалдар жіберілген кезден бастап 2 (екі), ал қарыз алу туралы халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы бойынша 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті ұйымды хабардар ете отырып, оны жүргізуден бас тартуға міндетті.

64. Сарапшының немесе сараптама комиссиясының соңғы мүшесінің уәкілетті ұйымды халықаралық шартты немесе халықаралық шарт жобасын және оған қоса берілетін

материалдарды қарауға қабылдағаны туралы хабардар еткен кезі ғылыми құқықтық сараптама жүргізудің басталуы болып есептеледі. Сарапшының ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге қатысуын болғызбайтын мән-жайлар болған кезде сарапшыға ғылыми құқықтық сараптама жүргізу үшін материалдар жіберілген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күнінен, ал қарыз алу туралы халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы бойынша күнтізбелік 1 (бір) күннен кешіктірілмейтін мерзімде сарапшы уәкілетті ұйымды ғылыми құқықтық сараптама жүргізуден бас тарту себептері туралы хабардар етуге міндетті.

Сарапшы халықаралық шартты немесе халықаралық шарт жобасын қарауға қабылдау/қабылдау мүмкін еместігі туралы, ғылыми құқықтық сараптама жүргізуден бас тарту туралы уақтылы хабарламаған/хабарламаған жағдайда, уәкілетті ұйым халықаралық шартты немесе халықаралық шарт жобасын және оған қоса берілетін материалдарды басқа сарапшыға жіберуге құқылы.

65. Қажет болған жағдайда ғылыми құқықтық сараптама жүргізу үшін белгіленген мерзім уәкілетті ұйымды, Әділет министрлігін дереу хабардар ете отырып, әзірлеуші органмен келісу бойынша 5 (бес) жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

66. Сарапшы, сараптама комиссиясы ғылыми құқықтық сараптаманың қорытындысын 10 (он) жұмыс күні, ал қарыз алу туралы халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы бойынша күнтізбелік 6 (алты) күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде береді және оны уәкілетті ұйымға танысу және келісу үшін жібереді. Ғылыми құқықтық сараптама қорытындысының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын сарапшы қамтамасыз етеді.

Сарапшылардың бірі бірыңғай қорытындыда баяндалған тұжырымдармен келіспеген жағдайда, ол ерекше пікірін баяндай алады және оны бірыңғай қорытындыға қоса бере алады.

67. Уәкілетті ұйым 5 (бес) жұмыс күні, ал қарыз алу туралы халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы бойынша күнтізбелік 4 (төрт) күн ішінде кейіннен оны әзірлеуші органға жібере отырып, осы Қағидалардың 71-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес сараптама комиссиясының қорытындысын тексеруді жүргізеді.

68. Қайталама ғылыми құқықтық сараптама сарапшыға халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы мен оған қоса берілетін материалдар ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізілуге тиіс.

69. Уәкілетті ұйым әзірлеуші органға ғылыми құқықтық сараптаманың қорытындысы жіберілгеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілген ғылыми құқықтық сараптаманың құнын бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыны бағалауды жүргізеді.

70. Халықаралық шарт немесе халықаралық шарт жобасы бойынша ғылыми құқықтық сараптама жүргізу үшін әзірлеуші орган уәкілетті ұйымға мынадай материалдарды (қағаз және электрондық жеткізгіштерде):

1) әзірлеуші органның бірінші басшысының орынбасары не оны алмастыратын адам қол қойған ресми бланкідегі ілеспе хатты (қазақ тілінде);

2) Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шартты, сондай-ақ ратификациялауға жататын халықаралық шарт жобасын әзірлеуші органның бірінші басшысының орынбасары не оны алмастыратын адам дәйектеген қазақ және орыс

тілдеріндегі жобасын не әзірлеуші мемлекеттік органның лауазымды адамы куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріле отырып, қол қойылатын тілдердегі халықаралық шарттың Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – Сыртқы істер министрлігі) растаған мәтінін;

3) қарыз алу туралы халықаралық шартты немесе халықаралық шарт жобасын қоспағанда, Әділет министрлігінің заңдық сараптамасы қорытындысының көшірмесін ұсынады. Сарапшыға Әділет министрлігінің заңдық сараптамасы қорытындысының көшірмесін жіберуге жол берілмейді.

71. Халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының ғылыми құқықтық сараптамасының қорытындысында мыналар:

1) ғылыми құқықтық сараптама жүргізген сарапшылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ғылыми/академиялық дәрежесі (бар болса) және ғылыми атағы (бар болса);

2) ғылыми құқықтық сараптама жүргізілген ғылым салалары;

3) уәкілетті ұйымның атауы;

4) халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының атауы;

5) ғылыми құқықтық сараптама жүргізу кезінде пайдаланылған халықаралық шарттар мен құжаттар;

6) ғылыми құқықтық сараптаманың нысанасы мен мақсаттары;

7) негізделген ұсынымдар мен ұсыныстар;

8) әзірлеуші (әзірлеуші орган) қойған сұрақтарға жауаптар;

9) халықаралық шартқа немесе халықаралық шарт жобасына ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге байланысты өзге де мәселелер қамтылуға тиіс.

72. Ғылыми құқықтық сараптаманың қорытындысы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілетін нысан бойынша дайындалады, ресми бланкіде ресімделеді және оған уәкілетті ұйымның басшысы немесе оны алмастыратын адам қол қояды. Қорытындыға уәкілетті ұйым басшысының немесе оны алмастыратын адамның қойған қолы, шығыс нөмірі мен күні уәкілетті ұйымның қорытындыны жібергенін растайды.

73. Халықаралық шартқа немесе халықаралық шарт жобасына ғылыми құқықтық сараптама жүргізуге арналған шарттан туындайтын, сондай-ақ сарапшылар тізіліміне енгізуден бас тартуға шағым жасау туралы даулар осы Қағидалардың 52-тармағында айқындалған тәртіппен міндетті түрде сотқа дейінгі реттелуге жатады.

4. Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу тәртібі

74. Міндетті ғылыми лингвистикалық сараптама:

1) Үкіметтің, Парламент депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленген, Парламенттің қарауына енгізілетін заң жобалары бойынша;

2) Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың жобалары бойынша жүргізіледі.

Президенттің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленген заң жобалары бойынша ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізілмеуі мүмкін.

Ғылыми лингвистикалық сараптама мынадай сатыларда:

1) заң жобалары бойынша Қаржы, Ұлттық экономика және Әділет министрліктерімен келісілгеннен және ғылыми сараптамалардың барлық түрлері жүргізілгеннен кейін Үкіметке енгізілгенге дейін;

2) Президент Әкімшілігінің және/немесе Премьер-Министр Кеңесінің ескертулері жойылғаннан кейін Үкімет заң жобаларын Парламент қарауына енгізгенге дейін;

3) халықаралық шарттар бойынша – олар ратификацияланғанға дейін немесе ратификациялау арқылы оларға қосылғанға дейін, ал халықаралық шарттардың жобалары бойынша – оларға қол қойылғанға дейін жүргізіледі.

75. Заң жобалары, халықаралық шарттар немесе халықаралық шарттардың жобалары бойынша қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізілуі мүмкін.

Қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама заң жобасына, халықаралық шарт жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Премьер-Министр Кеңесінің және Президенті Әкімшілігінің ескертулері бойынша жүргізіледі.

76. Заң жобаларын, халықаралық шарттарды немесе халықаралық шарттардың жобаларын, сондай-ақ оларға материалдарды әзірлеуші (әзірлеуші орган) уәкілетті ұйымға ғылыми лингвистикалық сараптамаға электрондық құжат айналымы арқылы және қағаз жеткізгіштерде жібереді. Бұл ретте электрондық нұсқалар қағаз жеткізгіштердегімен бірдей болуы және сол күні енгізілуі тиіс.

77. Заң жобасына бастапқы ғылыми лингвистикалық сараптама Премьер-Министр Кеңесіне енгізер алдында ғылыми сараптамалардың барлық түрлері жүргізілгеннен кейін жүргізіледі. Оны жүргізу үшін әзірлеуші орган уәкілетті ұйымға:

- 1) әзірлеуші органның ресми бланкісіндегі ілеспе хатты;
- 2) қазақ және орыс тілдеріндегі заң жобасын;
- 3) келісу парағының көшірмесін ұсынады.

78. Халықаралық шартқа немесе халықаралық шарттың жобасына бастапқы ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу үшін әзірлеуші орган уәкілетті ұйымға:

- 1) әзірлеуші органның ресми бланкісіндегі ілеспе хатты;

2) әзірлеуші органның басшысы не оны алмастыратын адам қол қойған халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі жобасын не әзірлеуші органның лауазымды адамы куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріле отырып, халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының қол қойылған тілдердегі Сыртқы істер министрлігі растаған мәтінін;

- 3) Әділет министрлігінің заң сараптамасы қорытындысының көшірмесін ұсынады.

79. Заң жобасына қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу үшін әзірлеуші орган мыналарды:

1) заң жобасы Премьер-Министр Кеңесінің және Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде пысықталғаннан кейін қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу қажеттігі көрсетілген әзірлеуші органның ресми бланкісіндегі ілеспе хатты;

- 2) қазақ және орыс тілдеріндегі заң жобасын;

3) заң жобасы бойынша материалдар Премьер-Министр Кеңесінің және Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде пысықталғаннан кейін оның көшірмесін береді.

80. Парламент депутаттары бастама жасаған заң жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу үшін Әділет министрлігіне және/немесе уәкілетті ұйымға:

- 1) ресми бланкідегі (электрондық және/немесе қағаз жеткізгіште) ілеспе хат);
- 2) қазақ және орыс тілдеріндегі заң жобасы (электрондық және/немесе қағаз жеткізгіште) жіберіледі.

81. Әділет министрлігі Парламент депутаттары бастама жасаған заң жобаларын алғаннан кейін оларды ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу үшін электрондық құжат айналымы арқылы немесе қағаз жеткізгіштерде уәкілетті ұйымға жібереді.

Бұл ретте ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу мерзімі заң жобасы уәкілетті ұйымға келіп түскен кезден бастап есептеледі.

82. Халықаралық шартқа немесе халықаралық шарттың жобасына қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу үшін әзірлеуші орган мыналарды:

- 1) Премьер-Министр Кеңесінің және Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде пысықталғаннан кейін қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу қажеттігі көрсетілген әзірлеуші органның ресми бланкісіндегі ілеспе хатты;
- 2) қазақ және орыс тілдеріндегі халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың жобасын;
- 3) Премьер-Министр Кеңесінің және Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде пысықталғаннан кейін халықаралық шартты немесе халықаралық шарттың жобасы бойынша материалдарды береді.

83. Уәкілетті ұйымның сұрау салуы бойынша әзірлеуші орган халықаралық шартта немесе халықаралық шарттың жобасында қозғалған мәселелерге қатысты өзге де материалдарды беруі мүмкін.

84. Осы Қағидалардың 87–94-тармақтарында санамаланған материалдарды ұсынбау уәкілетті ұйымның ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізуден бас тартуы үшін негіз болып табылады.

85. Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу талаптары Әділет министрлігі мен уәкілетті ұйым арасында жасалған азаматтық-құқықтық шартта (бұдан әрі – шарт) айқындалады.

86. Ғылыми лингвистикалық сараптама мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) уәкілетті ұйымның заң жобасының, халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының материалдарын (қағаз және электрондық жеткізгіштерде) қабылдауы;
- 2) заң жобасына, халықаралық шартқа немесе халықаралық шарт жобасына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу;
- 3) ғылыми лингвистикалық сараптаманың қорытындысын дайындау;
- 4) ғылыми лингвистикалық сараптаманың қорытындысын әзірлеушіге, әзірлеуші органға жіберу.

87. Заң жобаларының, халықаралық шарттардың немесе халықаралық шарттар жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкес келуіне әзірлеуші (әзірлеуші орган) жауапты болады.

88. Бастапқы ғылыми лингвистикалық сараптама уәкілетті ұйым заң жобасын, халықаралық шартты немесе халықаралық шарт жобасын және оларға материалдарды ұсынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізілуге тиіс.

Бұл ретте қарыздар туралы халықаралық шарттардың жобалары бойынша бастапқы ғылыми лингвистикалық сараптама күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде жүргізілуге тиіс.

89. Заң жобасына, халықаралық шартқа немесе халықаралық шарт жобасына қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу мерзімі оларды әзірлеуші (әзірлеуші орган) ұсынған келесі жұмыс күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

90. Ғылыми лингвистикалық сараптама сарапшысының жоғары филологиялық және/немесе заңгерлік білімі немесе құқық және/немесе халықаралық құқық және/немесе филология және/немесе аударма ісі (заңгер, аудармашы) салаларындағы жұмыс тәжірибесі және (немесе) филология және/немесе құқықтану және/немесе халықаралық құқық салаларындағы ғылыми дәрежесі болуға тиіс.

91. Заң жобасына, халықаралық шартқа немесе халықаралық шарт жобасына жүргізілген ғылыми лингвистикалық сараптаманың нәтижелері бойынша ғылыми лингвистикалық сараптаманың қорытындысы жасалады, онда уәкілетті ұйымның ғылыми лингвистикалық сараптаманың нысанасы бойынша дәлелді, ғылыми негізделген, объективті және толық тұжырымдары қамтылуға тиіс.

Жобаны әзірлеушіде (әзірлеуші органда) ғылыми лингвистикалық сараптаманың қорытындысына қатысты сұрақтар туындаған жағдайда, ол тиісті түсіндірмелер алу үшін уәкілетті ұйымға жүгіне алады.

92. Заң жобасына, халықаралық шартқа немесе халықаралық шарт жобасына ғылыми лингвистикалық сараптама қорытындысында мынадай деректер:

- 1) ғылыми лингвистикалық сараптаманың негізі;
- 2) ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу мақсаты;
- 3) ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізудің әдістемелік негіздері;
- 4) ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу нәтижелері;
- 5) қорытынды көрсетілуге тиіс.

93. Ғылыми лингвистикалық сараптаманың қорытындысы қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті ұйымның ресми бланкісінде дайындалады, оған оның басшысы не оны алмастыратын адам, ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізген сарапшылар қол қояды және уәкілетті ұйымның мөрімен расталады.

94. Ғылыми лингвистикалық сараптама қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

5. Заңдардың жобаларына ғылыми экономикалық сараптама жүргізу тәртібі

95. Ғылыми экономикалық сараптама заң жобасын әзірлеудің мынадай сатыларында:

- 1) Ұлттық экономика министрлігімен келісілгенге дейін;
- 2) Президент Әкімшілігінің немесе Премьер-Министр Кеңесінің ескертулері бойынша оны пысықтау нәтижесінде заң жобасына тұжырымдамалық өзгерістер енгізілген жағдайда жүргізіледі.

96. Ғылыми экономикалық сараптама жүргізу үшін әзірлеуші заң жобасын заң жобасы бойынша материалдарды электрондық жеткізгіште Ұлттық экономика министрлігіне жібереді. Ұлттық экономика министрлігі заң жобасы бойынша материалдарды ғылыми экономикалық сараптама жүргізу үшін тартылған ғылыми ұйымға, сарапшыға жібереді.

Сарапшының жоғары білімі және ғылыми дәрежесі, арнайы білімі, ғылыми экономикалық сараптама саласында тәжірибесі болуы тиіс.

97. Әзірлеуші заң жобасының көшірмесімен бірге ғылыми экономикалық сараптамаға мынадай материалдардың көшірмелерін (электрондық жеткізгіштерде):

1) заң жобасына түсіндірме жазбаны (қазақ және орыс тілдерінде);

2) қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесіне сәйкес заң жобасына салыстырма кестені (қазақ және орыс тілдерінде);

3) заң жобаларын Президенттің, Парламент депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен әзірлеу жағдайларын қоспағанда, заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия мақұлдаған заң жобасының тұжырымдамасын (қазақ және орыс тілдерінде);

4) бар болса, зерделеніп отырған проблема бойынша статистикалық деректерді;

5) реттеушілік саясаттың консультациялық құжатын (қазақ және орыс тілдерінде);

6) қарауға ұсынылып отырған заң жобасын іске асыру үшін қабылданатын заңға тәуелді актілердің жобаларын (бар болса);

7) сы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша заң жобасын әзірлеуші орган басшысының жетекшілік ететін орынбасары әрбір парағын дәйектеген және қол қойған қабылданатын заң жобасы қолданысының әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау жөніндегі паспортты (қазақ және орыс тілдерінде) (бұдан әрі – паспорт).

Парламент депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленетін заң жобаларын ғылыми экономикалық сараптамаға жіберген кезде паспорттың әрбір парағын заң жобасын әзірлеуге бастама жасаған Парламент депутаты/депутаттары дәйектейді және қол қояды;

8) мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша республикалық бюджет комиссиясы үшін қаржылық есеп-қисаптарды ұсынады.

Ескерту. 97-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.10.2021 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

98. Осы Қағидалардың 97-тармағында көзделген материалдарды ұсынбау ғылыми экономикалық сараптама жүргізуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

99. Сарапшының не Ұлттық экономика министрлігінің сұрау салуы бойынша әзірлеуші заң жобасында қозғалған мәселелерге қатысты өзге де материалдарды 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынады.

100. Әзірлеуші заң жобасын ғылыми ұйымның немесе сарапшының ұсыныстары бойынша пысықтаған жағдайда ғылыми экономикалық сараптаманы жүргізу мерзімдері жаңартылған заң жобасы ұсынылған күннен бастап белгіленеді.

101. Ғылыми экономикалық сараптама жүргізудің шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұлттық экономика министрлігі мен ғылыми ұйым немесе сарапшы арасында жасалған азаматтық-құқықтық шартта айқындалады.

102. Қайталама ғылыми экономикалық сараптама заң жобасы және оның материалдары ғылыми ұйымға немесе сарапшыға ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізілуге тиіс.

103. Заң жобасының ғылыми экономикалық сараптамасының қорытындысында мыналарды көрсету қажет:

1) жалпы ережелер:

әзірлеуші;

ғылыми сараптаманы жүргізген ұйым арқылы тартылған ұйым және/немесе тұлға;

заң жобасының жалпы сипаттамасы;

заң жобасының атауы;

заң жобасының межелі мақсаты;

заң жобасының құрылымы;

заң жобасының жаңалығы;

2) заң жобасы шешуге бағытталған проблемалық мәселелерді сипаттау;

3) заң жобасын қабылдау оларды шешуге бағытталған проблемалық мәселелердің шешімін табудың барлық белгілі және тиімді, оның ішінде әртүрлі тарихи кезеңдерде, халықаралық практикада қолданылған тәсілдерін, тетіктерін, жолдарын сипаттау;

4) алға қойылған проблемалық мәселелердің шешімін табудың заң жобасында ұсынылатын тәсілдерін, тетіктерін, жолдарын, проблемалық жағдайларды шешудің қандай да бір тәсілдерін қабылдаудың ықтимал салдарын талдау, оның ішінде жоба ережелерінің макроэкономикалық тиімділікке, әлеуметтік дамуға, кәсіпкерліктің дамуына, саланың және/немесе елдің экономикалық қауіпсіздігіне ықпал етуін бағалау;

5) жалпы тұжырым.

104. Ғылыми сараптама жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

105. Уәкілетті ұйымның сарапшылардың ғылыми құқықтық сараптаманы жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау жөніндегі қызметі ағымдағы жылдың 15 желтоқсаны өткеннен кейін келесі жылы бөлінетін республикалық бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

Ғылыми сараптаманы
ұйымдастыру және жүргізу,
сондай-ақ ғылыми құқықтық
сарапшыларды іріктеу
қағидаларына
қосымша

Ғылыми экономикалық сараптамаға ұсыну үшін Қазақстан Республикасының қабылданатын заң жобалары қолданысының әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау жөніндегі паспорт

Ескерту. Паспортқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.10.2021 № 739 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

*Паспорттың бөлімдерін толтыруға толық нұсқаулық қабылданатын заң жобалары қолданысының әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда берілген

1. Жалпы ақпарат	
Әзірлеуші мемлекеттік орган	
Заң жобасының атауы	
Әзірлеуші – орындаушының байланыс ақпараты	Т.А.Ә. (бар болса): Лауазымы: Тел.: Электрондық пошта мекенжайы:
Заңнама саласы	
Құқықтық реттеу мәні	
2. Заң жобасын әзірлеудің негізділігі және уақтылылығы	
2.1 Заң жобасы шешуге бағытталған проблема (Проблема айқындалуға және барынша нақты тұжырымдалуға тиіс. Шектен тыс кең көлемде не нақты емес тұжырымдаудан аулақ болған дұрыс) Проблеманы тұжырымдау: Проблеманың сапалық және сандық сипаттамасы: (проблеманың мәнін және ауқымын: аумақтық және салалық қырларда сапалы ашу, сондай-ақ проблеманың дамуының қарқыны туралы ақпарат беру: уақыт өте келе проблеманың ұлғаюы, азаюы немесе маңыздылығының өзгермеуі) Проблеманың болуына байланысты туындайтын теріс әсерлер: (зиян келтірілгені, оның ақшалай мәндегі мөлшері туралы мәліметтерді; азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін бұзу туралы сандық мәліметтерді; реттеудің болмауы салдарынан әрекеттерді, функцияларды не көрсетілетін қызметтерді алудың мүмкін еместігі туралы мәліметтерді (деректер және залалды, жіберіп алған пайданы бағалау және басқалар); азаматтар мен ұйымдардың өтініштері, шағымдары туралы деректерді және т.б. ұсына отырып, проблеманың болу салдары болып табылатын теріс әсерді сипаттау) Өзіне қатысты проблема қозғалатын тұлғалар: (нысаналы топтар қозғаған проблеманы сипаттау: азаматтар, кәсіпорындар, ұйымдар, мемлекет) Проблемаға әкеп соғатын себептер:	
2.2 Проблемалық саладағы ағымдағы жағдайды талдау және мемлекеттік реттеу (реттелетін саланы, экономика секторын дамытудың негізгі өлшемдері, статистикалық деректердің және халықаралық рейтингтік бағалаулардың талдауын пайдалана отырып,	

бәсекеге қабілеттілікті бағалау, қазіргі уақытта қолданыстағы заңнама, бағдарламалық құжаттар шеңберінде проблемаларды шешу үшін қолданылатын шаралар, қол жеткізілген нәтижелер)

2.3 Заң жобасының мақсаты мен міндеттері
(заң жобасын енгізуден қажет етілетін нәтиже)

Мақсаты	(қол жеткізу үшін заң жобасы әзірленетін ұзақ мерзімді әлеуметтік және (немесе) экономикалық мақсаттарды белгілеу)
Міндеттері (мақсатқа қол жеткізілуін тексеруді жүзеге асыру үшін істердің болашақ жай-күйін айқындауға тиіс)	Міндеттерді шешу нәтижелерінің сандық өлшемдік көрсеткіштері (міндеттерді шешу дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштер (редакциялық түзетулерді қамтитын және құқықтық олқылықтар мен коллизияларды жоюға бағытталған нормаларға қолданылмайды)
1.	1. 2. 3.
2.	1. 2. 3.
....	

2.4 Заң жобасы мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі
(құжаттардың нақты ережелері мен олардың атауларын көрсете отырып, ұсынылып отырған реттеу мақсатының ҚР Президентінің жыл сайынғы жолдауларының, "Қазақстан-2050" стратегиясының, стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың мақсаттарымен келісілгендігін көрсету)

Мемлекеттің стратегиялық мақсаттары	Заң жобасы мақсатының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін сипаттау
"...."	
"..."	

2.5 Реттеудің ұқсас проблемаларын шешудің халықаралық тәжірибесі
(әртүрлі елдерде реттеудің белгіленген проблемасын шешу мысалдарын сипаттау)

2.6 Заң жобасын әзірлеу кезеңінде қаралған проблеманы шешудің барлық нұсқаларын сипаттау және таңдалған нұсқаны негіздеу

(проблеманы шешудің әртүрлі нұсқаларының механизмдерін, артықшылықтарын, кемшіліктерін, іске асыру тәуекелдерін сипаттау, сондай-ақ басқа нұсқаларды қабылдамау себебін сипаттай отырып, проблеманы шешудің ұсынылған тәсілін таңдауды негіздеу)

3. Нысаналы топтар үшін пайданы және шығасыларды талдау әдісін қолдана отырып, әлеуметтік-экономикалық салдарды талдау
(ұсынып отырған заң жобасы тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін нысаналы топтарды айқындау, оларға сапалық және сандық сипаттама беру, сондай-ақ олар үшін барлық күтілетін салдарды (оң және теріс) талдау)

I. Халық

Нысаналы топты сипаттау	Нысаналы топты сандық бағалау	Пайданы сапалық және сандық сипаттау	Шығасыларды сапалық және сандық сипаттау
-------------------------	-------------------------------	--------------------------------------	--

II. Кәсіпкерлік субъектілері

Нысаналы топты сипаттау	Нысаналы топты сандық бағалау	Пайданы сапалық және сандық сипаттау	Шығасыларды сапалық және сандық сипаттау
-------------------------	-------------------------------	--------------------------------------	--

III. Мемлекет

Нысаналы топты сипаттау	Нысаналы топты сандық бағалау	Пайданы сапалық және сандық сипаттау	Шығасыларды сапалық және сандық сипаттау
-------------------------	-------------------------------	--------------------------------------	--

*осы бөлімдерге арналған ықтимал есептердің мысалдары әдістемелік ұсынымдардың 3-бөлімінде бар

4. Іске асыру тәуекелдері (заң жобасын іске асыру кезінде оның мақсаттарына қол жеткізуге кедергі жасайтын теріс салдар, әлеуетті күрделіліктер, мән-жайлар)
5. Заң жобасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу құралдары (қол жеткізу құралдары және бекітілген бюджеттік бағдарламалар шеңберінде болжамды сома, бекітілген сомадан артық қосымша қаржыландыру немесе басқа да көздерден бөлінген қаражат көрсетіледі. Бұл ретте қаржыландыру көздері: республикалық, жергілікті бюджеттер, Ұлттық қор және өзге де көздер, сондай-ақ салық мөлшерлемелерінің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің күші жойылған немесе төмендетілген жағдайда бюджет шығыны, салық жеңілдіктерін енгізу, шегерімдер және басқалары көрсетіледі)
Республикалық бюджет Жергілікті бюджет Ұлттық қор Өзге де көздер (көздердің атауы)
Жоспарланған бюджет бағдарламасы шеңберіндегі сома (атауы) Бюджеттен қосымша бөлінген қаражат сомасы Басқа да көздерден бөлінген сома Бюджет шығыны
6. Заң жобасын қоғамдық талқылау нәтижелері
7. Қосымша (талдау нәтижелерін суреттермен безендіруге арналған қосымша материалдар)

Т.А.Ә. _____

(заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік орган басшысының жетекшілік ететін орынбасарының/заң жобасын әзірлеуге бастама жасаған Парламент депутатының/депутаттарының қолы)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 8 маусымдағы
№ 386 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама

жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 [қаулысы](#).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 590 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың [5-тармағы](#).

3. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының мәселелері жөніндегі Ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 436 және "Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 513 қаулысының 1-тармағының [2\) тармақшасы](#).

4. "Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 497 [қаулысы](#).

5. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № 451 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулардың [2-тармағы](#).